

«Кел танысайық!» дөңгелек үстел

Бала тәрбиесіндегі балабақшамен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығын, мүмкіндігін т.б. тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.



«Отбасындағы агрессивті бала» ата-аналарға кеңес

Отбасындағы агрессивті бала тәрбиесі мен оның балабақшадағы мінез-құлқын жеңу үшін ата-аналар бірнеше қадамдар арқылы жағдайды жақсартатыны жөнінде ата-аналарға кеңес берілді.



«Дені сау баланы қалай өсіреміз»

Ата-ананың бірінші жұмысы – қауіпсіздік. Баланы қорғау, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оны кез келген жағдайда қалдырмау, баланы қауіпсіз түрде баға алатын адамдар жұмысын ұйымдастыру – ата-ананың мойнында. Балаға 1-1,5 жасқа дейін бір адам басыбайлы қараса, ол баланың бүкіл өміріне әсер ететін болады. Бұл өте маңызды.



«Гиперактивті балалар»

Гиперактивті бала—өте көп қимылдайтын (қозғалатын), шаршауды білмейтін, айтқанға көне бермейтін, басқа балалардан мінез—құлқы мен қимылы өзгеше бала.

"Гипер" сөзі "шамадан тыс жоғары деңгейде" дегенді білдіреді.



«Қане, енді ойын ойнайық»

Ойын дегеніміз — жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Соның ішінде логикалық ойын-төзімділікті, алғырлықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі.



«Күлімдеп жүрген әр күніміз жарқын болады» дөңгелек үстел

